

8D11361- Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлік пайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған Бекмагамбетова Лаура Калмахановнаның «Қазақстан қалаларында қоғамдық көлікті дамыту концепциясының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің ПКІРІ

P/H №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне)ғылымның даму бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми – техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы келесі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді:</p> <p>1. Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 мамырдағы № 336 қаулысы;</p> <p>2. Өнірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> / <u>қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> / <u>ашылмаган</u> .	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылымға айтарлықтай үлес қосады, себебі алғаш рет жолаушылар ағының құрылымын ескеріп қалалық қоғамдық көлік желісі үшін автобустардың онтайлы модельдерінің ұтымды санын анықтау әдісі ұсынылып қалалық қоғамдық көлігін дамытуға арналған концепциясын әзірлеу алгоритмі жасалған. Жұмыстың маңыздылығы орындау барысында толық ашылған және қоғамдық көлігін дамытуда үлесі бар. Зерттеу тақырыбының және жұмыс нәтижелерінің маңыздылығы жақсы ашылған.
3.	Тәуелсіздік	Тәуелсіздік деңгейі:	Докторант орындаған жұмыс дербес зерттеу болып табылады.

	принципі	<p>1) жогары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	Қойылған міндеттерін диссертациялық жұмыста теориялық және қолданбалы зерттеулердің ғылыми нәтижелерін докторант заманауи әдістер мен құралдарды пайдалана отырып өзінің біліктілігін көрсете алған.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауы:</p> <p>1) <u>айқындейды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындейды;</p> <p>3) айқындармайды.</p> <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкестігі:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді;</p> <p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысы:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Қоғамдық жолаушылар көлігімен тұрақты тасымалдауды үйымдастырудың тиімділігін арттырудың негізгі оның қалыпты жұмыс істеуі мен тұрақты дамуына әсер ететін қоғамдық көлігінің мәселелері болып табылады. Қоғамдық көлігімен тұрақты тасымалдауды үйымдастыру, нарық пен бесекелестік жағдайында халыққа көліктік қызмет көрсете жүйесінің дамуына әсер етеді және қазіргі уақытта бұл қызметтің тиімділігін арттыру сөзсіз өте маңызды. Сондықтан диссертация тақырыбы мен қарастырылған мәселелер өзекті болып табылады.</p> <p>Диссертация мазмұны Қазақстан қалаларында қоғамдық көлікті дамыту концепциясының ғылыми-практикалық негіздеріне арналған. Ұсынылған диссертация аяқталған ғылыми-біліктілік жұмыс болып табылады, мазмұны диссертациялық жұмыстың тақырыбын айқындейды.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстан қалаларындағы қоғамдық көлік жүйесінің даму концепциясының ғылыми-практикалық негіздерін қалыптастыруға арналған. Міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>1. Қоғамдық көліктерінің желісін үйымдастырудың ғылыми негіздемесі және қоғамдық көлік жүйесін басқарудың ғылыми-экономикалық негіздемесі берілген;</p> <p>2. Қазақстан қалалалық қоғамдық көлігін дамыту концепциясының алгоритмі әзірленген.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдер арасында бір-бірімен үйлесімді байланыс бар. Әрбір бөлімде қорғауға шығарылған тұжырымдамалар дәлелденген.</p> <p>Бірінші бөлімде талдау нәтижесінде шешілмеген мәселелердің бар екенін көрсеткен: қоғамдық көлік қызметін үйымдастырудың сапасын жетілдіру қажеттіліктері қарастырылған.</p>

			<p>Екінші бөлімде жолаушылар көлік қызметтерінің сапасын бағалау әдістемесі даярланып, автобустардың ұтымды санын анықтауға арналған математикалық моделі берілген және қоғамдық көлік жүйесін басқарудың ғылыми-экономикалық негіздері қарастырылған.</p> <p>Үшінші бөлімде қоғамдық көлік желілерін ұйымдастырудың практикалық нәтижелері қарастырылған.</p> <p>Төртінші бөлімде Қазақстан қалалалық қоғамдық көлікті дамыту концепциясының алгоритмі әзірленіп ұсынылған.</p>
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген шешімдер мен әдістер дәлелденген, шешімдер салыстырылып бағаланған және сини талдау бар. Диссертацияда келесі шешімдер ұсынған:</p> <ul style="list-style-type: none"> -қалалық қоғамдық көлік желісі үшін, тасымалдаушыларға жолаушылар ағының құрылымын ескеріп автобустардың онтайлы модельдерінің ұтымды санын анықтау әдісі ұсынылған. -қалалық қоғамдық көлігін дамытуға арналған концепциясының алгоритмі. Бұл жолаушылар қоғамдық көлігімен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңалығы);</u> 3) жаңа емес (25% аз жаңалығы болып табылады)	Диссертациялық жұмыста автор ұсынған әдістемелер, ғылыми нәтижелер мен қағидаттары қоғамдық көліктің жұмысын онтайландыруында және дамытуында жартылай жаңа деп санауга болады. Жеткілікті түрдегі жаңалыққа үшінші жаңалықты айтуға болады. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері баспа жұмыстарында, оның ішінде ҚР ФЖБМ ФжЖБССҚҚ ұсынған журналдарда, бір мақала Scopus акпараттық базасына кіретін журналда және халықаралық конференциялар материалдарында жарияланған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңалығы);</u> 3) жаңа емес (25% аз жаңалығы болып табылады)	Қолданыстағы теориялық ережелер ізденішінің өзінің әдістемелік ұсыныстарымен толықтырылған. Бұл докторантқа ғылыми нәтижелер алуға мүмкіндік берді және олар диссертацияның қорытындысында ашылған. Диссертацияда жартылай жаңа болып табылады.

		<p>табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p><u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациядағы ұсынылып отырған ғылыми шешімдер жартылай жаңа. Зерттеу нәтижелері Алматы қаласындағы "Алматыэлектротранс" ЖШС-де кәсіпорынға енгізу актісімен расталған және авторлық күәлікпен заңдастырылған: «Жолаушылар көлігінің қызметтерінің сапасын бағалау әдістері» 25.06.2021 жылғы №19016 күәлік, «Қоғамдық автобус қатынастарына қызмет корсетуге арналған көлік құралдарының модельдері» 08.07.2021 жылғы № 19247 күәлік, «Қалалық жолаушылар көліктерінің желісін ұйымдастырудың ғылыми негіздемесі» 10.11.2021 жылғы № 21607 күәлік.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u></p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Диссертациялық жұмыстың әр бөлімінде қорытынды жасалған және жұмыстың соңындағы қорытындылар ауқымды дәлелдермен көлтірілген.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ма?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p><u>2) шамамен дәлелденді;</u></p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><u>2) жок;</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жок;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>кен;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) тар.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген ба?</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша қорғауға шығарылатын тұстары теориялық және практикалық турде шамамен дәлелденген. Олар: қоғамдық көліктерінің желісін ұйымдастырудың ғылыми негіздемесі; жолаушыларды тасымалдау бойынша көлік қызметтерінің сапасын бағалау әдіstemесі.</p> <p>7.2 Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер тривальды емес, өйткені олар жаңа теориялық білім мен техникалық шешімдерді қамтиды. Зерттеулерді орындау кезінде докторант қолданылған үдерістерге жеткілікті талдау жасаған.</p> <p>7.3 Ережелер мен ғылыми нәтижелер жаңа. Талданған әдебиет көздерінде мұндай жаңалықтар жок.</p> <p>7.4. Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер қолданудың көн деңгейін көрсетеді.</p> <p>7.5 Диссертациялық зерттеулер негізінде ғылыми еңбектер жарыққа шыққан. Оның ішінде 3 КР ФЖБМ ФжЖБССК ұсынған журналдарда, 6 халықаралық конференциялар материалдарында және 1 Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда</p>

		1) <u>ија</u> ; 2) жоқ.	жарияланған.
8	Дәйектілік принцип Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ија</u> ; 2) жоқ;	Диссертацияда математикалық модельдеу, ойын теориясының әдістемесі, аналитикалық әдісі, жүйелік талдау және басқа да ғылыми әдістер қолданылған.
		8.2. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ија</u> ; 2) жоқ;	Диссертациялық жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін жұмысты орындау барысында алынған мәліметтерді өндөу және түсіндіру компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ија</u> ; 2) жоқ;	Теориялық қорытындылар, әзірленген алгоритмдер және анықталған заңдылықтар эксперименттік зерттеулер жүргізу арқылы дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u>	Диссертациялық жұмыста маңызды тұжырымдарды көрсету кезінде ізденуші пайдаланған дереккөздерге сілтемелер жасаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті</u> / <u>жеткіліксіз</u>	Пайдаланған әдебиет тізімі 147 атаудан тұрады, жеткілікті деп есептеймін.
9		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы

		<p>бар:</p> <p>1) <u>и я</u>;</p> <p>2) жок;</p>	<p>жолаушылар үйымдастыру құрылымдар жолаушылар көлігімен тұрақты тасымалдауды тиімді бойынша объективті тәсілдерді, теориялық мен әдістемелік ұсыныстарды әзірлеумен байланысты.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>и я</u>;</p> <p>2) жок;</p>	<p>Диссертацияда әзірленген теориялық, әдіснамалық және практикалық ережелерді, алгоритмдер мен әдістерді аймақтық және қалалық әкімшіліктер қоғамдық көлікпен тұрақты тасымалдаудың халықта көліктік қызмет көрсетуді үйымдастырудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Гылыми зерттеудің негізгі нәтижелері Алматы қаласындағы "Алматыэлектротранс" ЖШС-де енгізілген.</p>
10		<p>Академиялық жазу сапасы</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу мен рәсімдеу сапасы ғылыми-техникалық тілде жазылған. Жұмыста орфографиялық және стилистикалық қателер байқалады.</p>

Корытынды

Диссертациялық жұмыс қойылған барлық талаптарды қанағаттандырады. Жұмысқа келесідей ескерту беруге болады:

- диссертациялық жұмыста жолаушыларды тасымалдаушылар мен оларға бекітілген маршруттар саны бойынша салыстырмалы талдау аз көлемде жасалған.

-2.2 бөлімінде жолаушылар көлік қызметтерінің сапасын бағалау әдістері делінген. Яғни, әдістер жолаушылардың қызметке қарастырлуы керек еді. Бірақ тексте экономикалық тиімділік көрсеткіштері қарастырлған. Мысалы, 1 әдіс – қанағаттандырылу деңгейі т.с.с қарастырлуы керек еді.

көлік кешенінің күрделі салымдарының экономикалық тиімділігін анықтау әдісі. Бұл әдіс сапаны анақтау емес жобаның экономикалық тиімділігін анықтау әдісіне жатады т.с.с.

-2.3-те қоғамдық көліктердің ұтымды санын анықтауга арналған математикалық моделі берілген. Моделді практикалық түргыдан қаншалықты пайдалануға мүмкіндік бар. Есептеулер «Python» бағдарламасымен анықталған деліген. Бірақ қосымшада дәлелді нәтижелері берілмеген.

- 4.4-те концепцияның тиімділігін және қаржылық тұрақтылығын анықтау делінген, бірақ қаржылық тұрақтылықты көрсеткіштері қарастырлмаған;

-жұмыста стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Бірақ бұл ескерту жұмыстың ғылыми құндылығын төмендетпейді.

«Қазақстан қалаларында қоғамдық көлікті дамыту концепциясының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбына орындалған диссертация аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, ал диссертант Бекмагамбетова Лаура Калмахановна 8D11361- «Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлік пайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ҚР ФЖБМ, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуға лайық деп есептеймін.

«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет»
"Экономика және кәсіпкерлік" кафедрасының профессоры, Ә.Г.Д.

Ж.С. Раимбеков

